

Санитариялық-эпидемиологиялық
қорытындыларды беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
4-қосымша

Санитариялық-эпидемиологиялық тексеріп-қарау актісі №19

Мен (Біз) (Мною Нами) Бас маман Омарова Айгүл Сармысқызы
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.), (должность фамилия, имя, отчество (Ф.И.О))

Бейнеу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы
мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының атауы, наименование органа
государственного санитарно-эпидемиологического надзора), мыналардың: (с участием)

_____ тексеруге қатысқан басқа мамандарды көрсетіңіз (указать других специалистов, участвовавших в
обследовании)

Директор Б.Табаракованың қатысуымен мамандар болғанда: (в присутствии)
лауазымды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлға (должность, Ф.И.О)
должностного лица или индивидуального предпринимателя _____
басшысының лауазымы, Т.А.Ә. немесе жеке тұлғаның, лауазымы, Т.А.Ә./Ф.И.О. руководителя
юридического лица или Ф.И.О. физического лица _____

_____ нысанның, заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауы (наименование объекта, юридического
лица или индивидуального предпринимателя)

«Боранқұл жалпы білім беретін мектеп» КММ тексеру жүргізілді (проведено
обследование).

14.03.2025ж №KZ39RYS01043777 өтініш негізінде тексеру түрін көрсету
(указать вид обследования) (начато) 2025жылғы (года) «28» 03 _____ 15 сағат (часов) 00
минутта (минут) басталды.

Тексеру кезінде мыналар анықталды (при обследовании установлено):

«Боранқұл жалпы білім беретін мектеп» КММ Бейнеу ауданы, Боранқұл
ауылы, №1 аймақ, №350 ғимаратта орналасқан. Заңды тұлғаны мемлекеттік
қайта тіркеу туралы анықтамасы 04.03. 2017 ж , БСН 061240007364, білім
беру және тәрбиелеу қызметі. Мектептің жобалық қуаты - 340 орынға
арналған, күні бүгінге -556 оқушы, 2 ауысымда (1 аусым-280, 2 аусым-275)
оқиды. Объектіге санитариялық – эпидемиологиялық қорытынды Форма
199/у үлгісімен -20.04.2007 ж берілген. Мектеп 2 - қабатты типтік ғимаратта
орналасқан. Мектеп ғимаратының айналасы 1,8 м биіктікке темір қоршаумен
қоршалған, кіріс жолдарына тас төселіп асфальтталған, көгалдандыру
жұмыстары жүргізілген, қоқыстарды салуға 12 дана урналар
орналастырылған. Мектеп учаскесіне кіру және көлікпен кіру жолдары,
шаруашылық құрылыстарға өтетін жолдар асфальтталған, территория таза,
күнделікті жинақтау жұмыстары жүргізілген, ғимараттардың ауласына
сыртқы жарықтандыру қарастырылған. Мектеп ауласында бетондалған
алаңға қатты тұрмыстық қалдықтарды төгуге бетондалған алаңға темірден
жасалған 2 контейнер орнатылған, айналасы үш жағынан қоршалған, қақпағы
бар. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарумен «Хасан-Құсайын» ЖШС
мекемесі айналысады, ол үшін 06.03.2025 жылы №32 санды келісім-шарт
жасалған. Объекті аумағында функционалдық байланысты емес объектілер

орналаспаған. «Боранқұл жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы ауданы – 2394,0 м². дәліздің ауданы – 8,0-10,9- 16,3-69,5 м², оқу кабинеттерінің аудандары - 46,8-47,0-47,3-48,2- м², физика зертханасы-18,5м², химия зертханасы-17,4м², директор кабинеті-17,4м², хатшы кабинеті - 8,7 м², мұғалімдер кабинеті - 9,0м², психолог кабинеті-8,5м², медициналық кабинет-9,6-13,5м², акт залы-89,0м², асхана залы-46,8м², ас үй-23,7м², қойма-8,5м²-11,2, дәліз-29,0м², киім ілетін орындар (2)-5,60м², технология-16,8-46,5-47,0м², кітапхана-47,6м², шаруашылық меңгерушісі кабинеті-51,0м², санитариялық тораптар - 14,3-15,0 м².

Спорт зал ауданы - 30,6 м², ұлдар бөлмесі ауданы - 6,8 м², дәліз ауданы-8,60 м², қыздар бөлмесі ауданы - 7,1 м², есепші кабинеті-14,3м².

Спорт залдың едені ағаштан жасалған, жары 1,5м биіктікте майлы сырмен өңделген, табиғи жарыққа 6 терезе орнатылған, жоғарғы жағында 8 нүктеде жасанды жарық көзі орнатылған, терезеге және жарықтандыру құралының бетінде жарықтандыру құралдарында қоршау құрылғылары көзделген, залдағы жылу батареяларының беті ағашпен жабылған. Ұлдар мен қыздардың киініп шешінетін бөлмелерінде киім ілетін ілгіштермен, отыратын орындықтармен қамтамасыз етілген. Спортқа қатысты құрал жабдықтар арнайы қоймада сақталған, қолдануға жарамды. Спорт залдың жуу, тазалау құралдары арнайы бөлмеде шкафтарда сақталған, пайдалану мақсаттарына қарай белгіленген. Мектепте асхана қарастырылған, жеке кәсіпкер жалға алған, мектеп директорымен келісім шарт жасалған. Оқу ғимараттарында санитариялық тораптар-ұлдар мен қыздарға бөлек қарастырылған. Санитариялық тораптардың едендері толықтай, жарлары 1,8 м биіктікте кафельденген, унитаздар, раковиналар жеткілікті, электр сүлгілермен, қасында қоқыс салатын шелек бар, жеке гигиенаға қажетті сұйық сабындар, эжетхана қағазын қоятын құрылғылармен жабдықталған, барлығыда жұмыс жағдайында. Эжетханаларда мұздай су, ыстық су қарастырылған, ыстық суға «Аристон» құрылғылары жеткілікті орнатылған. Медициналық кабинет саны- 2. Медициналық кабинет жары 1,8 м² биіктікте майлы сырмен сырланған, төбесі сулыэмульсиялық сырмен өңделген, еденіне ағаш төселген. Медициналық кабинетте осы мекеменің оқушылары мен тәрбиеленушілеріне алғашқы медициналық көмек көрсетіледі. Медициналық кабинеттер тоңазытқыштар, термометрлер, кушетка -1 дана, ширма, медициналық шкаф дәрі дәрмек сақтауға, термоконтейнер-1, медициналық стол-2, жұмыс үстелі - 3дана, бикстер - 2 дана (үлкен, кіші), кастрюл - 3 дана, бойдың ұзындығын өлшейтін ростомер, медициналық таразы , орындықтар - 3 дана, кеңсе шкафы - 2, т.б қажетті құралдармен қамтылған. Медициналық кабинетте қажетті құжаттар журналдары ашылған, талапқа сай жүргізілген. Медициналық кабинетте қолды өңдеуге АХД -ерітіндісі орнатылған. Медициналық кабинетте қол жууға қол жуғыш қарастырылған. Мектептің салқын су жүйесі орталықтандырылған .

Ғимараттың территориясында су сақтауға құдық қарастырылған, көлемі - 40 куб. "Бейнеусервис" КМК мекемесімен 07.02.2025ж №6 санды келісім шарт жасалған. Суды бұру жүйесіне көлемі -6-10-20 кубтық 4 септик қарастырылған, септиктің көлемінің үштен екі бөлігінің толуы бойынша Жеке кәсіпкер Қ. Бағдатұлымен 05.02.2025 ж № 14 санды келісім шарт жасалған. Суды ысытуға жалпы мектеп бөбекжайда 2 жерге 80 және 100 л «Аристон» құрылғысы орнатылған, жұмыс жағдайында. Мектеп қызметкерлері мен оқушылардың ауыз сумен қамту қол жетімді ұйымдастырылған, фонтан құрылғысы - 2 дана бар. Жылу жүйесі табиғи газ арқылы, жеке қазандықпен жылытылады. Мектептегі барлық кабинеттер жылу батереяларымен қамтылған, жұмыс жағдайында. Жасанды жарықтануға қыздырма шамдар қондырылған, жарық беру көздерінде шаңнан және ылғалдан қорғайтын жарықтандыру арматуралары бар, табиғи жарықтандыру көздері жеткілікті. Оқу кабинеттерінде жасанды жарық көзі 6 нүктеден орнатылған, жұмыс жағдайында. Мектеп терезелері пластик материалдан жасалып қондырылған. Терезе форточкаларда москит торлар орнатылған. Терезелерге күн сәулесінен қорғану үшін жалюздер ұсталған. Мектептің кабинеттері ауа өткізгіштермен және кондиционер жүйелерімен жабдықталған. Акт залының еденіне ламинат құрылыс материалы төселген. Мектептегі жуу, жинау құралдары мен мүкәммалдары арнайы бөлмеде сақталған, белгілері бар. Жуу, тазалауға жуу ерітінділері қарастырылған. Дезинфекциялық құралдардан «РАСТЕР» фирмасынан шығарылған «Део-хлор» таблеткасы, шыққан мерзімі -23.11.2023ж, пайдалану мерзімі –7 жыл, артық қоры-2 қорап. Дезинфекциялық препараттардың сақталу жағдайы шаруашылық қызметкердің қоймасында арнайы шкафта және медициналық кабинетте сақталған. Дезинфекциялық ерітінділер қақпағы жабылған, сыртына белгі салынған ыдыстарда сақталған, күн көзі түспейтін орында, сыртында дайындалған күні белгіленген. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз. Мектеп кабинеттерінің және дәліздердің жарлары сулыэмульсиямен өңделген. Мектепте оқу кабинеттерінде - мұғалім столы, орындығымен, оқушылар парталар мен орындықтары, тақта, құжаттар сақтайтын шкафтар, қоқыс салатын шелекпен жабдықталған. Оқу кабинеттері толықтай жаңа үлгідегі 2 орындықты парталармен қамтылған, Павлодар қаласынан, «ТПК Тонар» ЖШС мекемесінен шығарылған, сәйкестік құжаты Серия KZ №0219941, 24.02.2024жыл. Информатика кабинетінде сабаққа қолдануға 15 компьютер қарастырылған, Wintek Модель DK2489, шыққан уақыты - 2024 жыл, жұмыс жағдайында. Оқу кабинеттерде және медициналық кабинетте қабырғаға еденнен 2м биіктікте Ресейден шығарылған, экрандалған 2 лампалы 8000, 9000 сағаттық ООО «Генерис», «OSRAM» бактерицидті сәулелендіргіш орнатылған (2013ж-2024ж), металл корпусынан тұрады және екі қорғаныш пластик қабырғалары, сонымен қатар ұзындығы 1,5м қуат сымымен жабдықталған, құжаты бар, жұмыс

жағдайында, бөлмелердің ауданына шаққанда жеткілікті, яғни әр шамның өнімділігі 75-95м², қолданылуы бойынша журналы ашылған, нұсқаулыққа сәйкес есептелінген. Мектепте 2 «TORNADO» 30 ақ түсті бактерицидті ауа рециркуляторы бар, 17.09.2021ж Ресей елінен шығарылған, 2 лампалы 8000 сағаттық, жабық түрлі, озонсыз бактерицидтік шамдар орнатылған сәуленену камерасын құрайтын корпустан тұрады, бөлменің ауданына шаққанда жеткілікті, яғни шамның өнімділігі 60м², 9000 сағаттық жылжымалы бактерицидті шаммен қамтамасыз етілген

Қорытынды (Заключение): "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ-нің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы. ДСМ-нің 2023 жылғы 20 ақпандағы №26 бұйрығы " Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы. ҚР ДСМ-нің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы " Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар". ҚР ДСМ-нің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 95 бұйрығы "Желдету мен ауаны баптау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. санитариялық қағидалар, гигиеналық нормативтердің (указать пункты нарушения требований санитарных правил)

және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылған тармақтарды көрсетіңіз/гигиенических нормативов и иных нормативных правовых актов)

Қолдары (подписи) Бас маман Демарова Д.С. мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының лауазымды тұлғасы (должностное лицо государственного органа санитарно-эпидемиологического надзора) басқа да қатысқан мамандар, куәгерлер/ участвовавшие другие специалисты, свидетели)

Тексеру кезінде болдым және актінің данасын алдым (при обследовании присутствовал, и экземпляр акта получил) Инспектор Шадарасова Владислав занды тұлға өкілінің немесе жеке кәсіпкердің немесе лауазымды тұлғаның лауазымы және Т.А.Ә. (должность и Ф.И.О. представителя юридического лица или должностного лица или индивидуального предпринимателя)

Қол қоюдан бас тарту туралы белгі (отметка об отказе от подписи лица) _____ (окончено) 20 25 жылғы (года) « 28 » 03 16 сағат (часов) 00 минутта (минут) аяқталды.

Акт (акт составлен в) _____ 2 _____ данада жасалды (экземплярах) « _____ » _____ 20 _____ жыл (год)